

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін, жеке тұлғалардың өз мұқтаждары үшін жабайы өсетін жемістерді, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман және өсімдік ресурстарын жинау нормаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2026 жылғы 28 шілдедегі № 39/4 шешімі

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 14-бабы 2) тармақшасына және 42-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 630-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына, 7-бабы 4-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (түбірдегі босатылатын сүрек үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының аумағында жеке тұлғалардың өз мұқтаждары үшін жабайы өсетін жемістерді, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман және өсімдік ресурстарын жинау нормалары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан облыстық
мәслихатының

2026 жылғы 28 шілдедегі

№ 39/4 шешіміне 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының орман және өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін (түбірімен босатылатын сүрекке арналған мөлшерлемелерді қоспағанда)

№ п/п	Орман пайдалану түрлері	Орман пайдалану мерзімдері	Ресурс түрінің бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі төлемақы мөлшерлемелері
1. Шайыр және ағаш шырындарын дайындау			
1.1	Шайыр дайындау	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	1 гектар үшін 1,18 айлық есептік көрсеткіш
1.2	Шайыр дайындау	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	1 центнер үшін 0,39 айлық есептік көрсеткіш
1.3	Ағаш шырынын дайындау	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	1 гектар үшін 0,59 айлық есептік көрсеткіш

1.4		Ағаш шырынын дайындау		Ұзақ мерзімді, алып қоюмен		1 центнер үшін 0,31 айлық есептік көрсеткіш				
№ п/п	Ағаш және бұта тұқымдастарының атауы	Орманды пайдалану мерзімдері	Ресурс түрінің бірлігі үшін төлемақы мөлшерлемелері							
			Қабық, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш	Бұтақтар, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш	Түбірлер, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш	Тамырлар, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш	Жапырақтар, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш	Бұршақтар, 1 тонна үшін айлық есептік көрсеткіш		
2. Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау										
2.1	Қарағай	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	0,027	0,055	0,0137	0,082	0,041	0,027		
2.2	Қайың	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	0,021	0,042	0,0104	0,062	0,031	0,021		
2.3	Көктерек, ағаш тәрізді тал, терек	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	0,014	0,029	0,0072	0,043	0,0215	0,014		
2.4	Бұталы тал	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	0,016	0,031	0,0078	0,047	0,023	0,016		
2.5	Қарағаш, үйеңкі	Ұзақ мерзімді, алып қоюмен	0,018	0,036	0,0091	0,055	0,027	0,018		
3. Орманды жанама пайдалану										
Жабайы өсетін жемістерді, жидектерді және саңырауқұлақтарды дайындау және жинау				Салмақ бірлігі үшін айлық есептік көрсеткіш бойынша төлемақы мөлшерлемесінің мөлшері						
3.1	Саңырауқұлақтар	Қысқа мерзімді, алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,024 айлық есептік көрсеткіш							
3.2	Жидектер	Қысқа мерзімді, алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,032 айлық есептік көрсеткіш							
Дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатты жинау										
3.3	Шөптер	Қысқа мерзімді, алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,005 айлық есептік көрсеткіш							

3.4	Гүлдер	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,005 айлық есептік көрсеткіш
3.5	Жапырақтар, сабақтар және өркендер	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,005 айлық есептік көрсеткіш
3.6	Жемістер мен жидектер	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,005 айлық есептік көрсеткіш
3.7	Тамырлар	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,003 айлық есептік көрсеткіш
3.8	Бұршіктер	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 килограмм үшін 0,003 айлық есептік көрсеткіш
Жанама орман пайдаланудың жекелеген түрлері			
3.9	Мүктер	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 центнер үшін 0,024 айлық есептік көрсеткіш
3.10	Орман төсеніші мен түскен жапырақтар	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 тонна үшін 0,277 айлық есептік көрсеткіш
3.11	Қамыс	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 центнер үшін 0,016 айлық есептік көрсеткіш
3.12	Бақша шаруашылығы, бақша өсіру және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық кодексінің 576-бабына сәйкес 1 гектар үшін есептелетін жер салығының мөлшерлемелері бойынша
3.13	Аң шаруашылығы және марал шаруашылығы	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 гектар үшін 0,557 айлық есептік көрсеткіш
3.14	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде бір омартаны орналастырғаны үшін	Қысқа мерзімді , алып қоюмен	1 ара ұясы үшін 0,557 айлық есептік көрсеткіш
3.15	Шөп шабу алқаптарының сапалық жай-күйінің топтары бойынша шөп шабу - жақсы	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,668 айлық есептік көрсеткіш

3.16	Шөп шабу алқаптарының сапалық жай-күйінің топтары бойынша шөп шабу - қанағаттанарлық	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,501 айлық есептік көрсеткіш
3.17	Шөп шабу алқаптарының сапалық жай-күйінің топтары бойынша шөп шабу - нашар	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,390 айлық есептік көрсеткіш
Жайылымның 1 гектарына жылына 1 бас мал жаю			
3.18	Ірі қара мал	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 бас үшін 0,936 айлық есептік көрсеткіш
3.19	Жылқылар	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 бас үшін 0,936 айлық есептік көрсеткіш
3.20	Ірі қара малдың төлі	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 бас үшін 0,468 айлық есептік көрсеткіш
3.21	Ешкілер	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 бас үшін 0,819 айлық есептік көрсеткіш
3.22	Қойлар	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 бас үшін 0,234 айлық есептік көрсеткіш
4. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы мұқтаждары, ғылыми-зерттеу, тарихи-мәдени, сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану			
4.1	Аңшылық шаруашылығы мұқтаждары үшін	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,557 айлық есептік көрсеткіш
4.2	Ғылыми-зерттеу және сауықтыру мақсаттары үшін	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,279 айлық есептік көрсеткіш
4.3	Рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін	Ұзақ мерзімді , алып қоюсыз	1 гектар үшін 0,706 айлық есептік көрсеткіш
4.4	Ғылыми-зерттеу, тарихи-мәдени, сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін	Қысқа мерзімді , алып қоюсыз	Болудың 1 адам-күні үшін 0,1 айлық есептік көрсеткіш

Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қорының аумағында жеке тұлғалардың өз мұқтаждары үшін жабайы өсетін жемістерді, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман және өсімдік ресурстарын жинау нормалары

№ п/п	Ресурстардың түрлері	Жеке тұлғалардың өз мұқтаждары үшін 1 адамға шаққандағы жинау нормалары
1	Жемістер мен жидектер	10 килограмм
2	Саңырауқұлақтар	50 килограмм
3	Шөптер	10 килограмм
4	Гүлдер	10 килограмм
5	Жапырақтар, сабақтар және өркендер	10 килограмм
6	Тамырлар, тамыр сабақтар, түйнектер	10 килограмм
7	Бұршіктер	10 килограмм
8	Мүктер	10 килограмм
9	Орман төсемі мен түскен жапырақтар	100 килограмм
10	Қамыс	800 килограмм